

**Қабиева А.Қ.Куненова П.С**

*М.Х.Дулатаи атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан*

## **Мәдениет ұлт бейнесі**

Елімізде тек экономикалық тұрақтылық қана емес, сонымен қатар қоғамның рухани дамуы да көтеріліп, ел ішіндегі тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтап келе жатқан мемлекеттердің бірі.

Елбасының «Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениет. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады...» деген сөзі Қазақстан мемлекетінің қашан да ұлттар арасындағы татулық, тең құқықтық, толеранттықты көздей отырып ұлттық рухтың күшеюін қолдайтындығын айғақтайды [1].

Өткен уақыт мәдениеті – халықтық мұра, ол адамның өзі, оның өткен жолы, болашағының сатысы. Ендеше бұрынғы мәдениет туындыларын қазіргі сана дәрежесі негізінде қоғамның осы заманғы қалпына сәйкес бағалау жан-жақты ойлауды қажет етеді.

Мәдениет философиялық, психологиялық, педагогикалық ой-толғамның аса маңызды, терең теориялық мәнді ұғымдарынан тұрады. Сондықтан да мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларына байланысты жиі қолданылады. Әрбір тарихи дәуірдің өзіндік мәдениеті болуымен байланысты халықтың өзіне ғана тән мәдени дәстүрлері болады. Бұдан мәдениеттің көп түрлілігі ондағы жалпылықты, әмбебаптықты теріске шығарады деген қорытынды жасауға болмайды. Керісінше мәдениеттің

нақтылы тарихи түр алуы оның мазмұнының күрделілігін және ондағы жалпы ерекшелікті білдіреді.

«Мәдениет туралы» ҚР Заңы еліміздегі мәдениетті жасау, қайта түлету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңындағы 6-тарауының 32-бабында мәдени құндылықтар жайлы айтылған.

Осы заңда көрсетілген мәдени мұрамызды сақтау мен дұрыс пайдалануды мақсат еткен, Елбасы тарапынан қолдау көрсетілген «Мәдени мұра» және «Халық тарих толқынында» атты елдік бағдарламалар табысты нәтиже көрсетуде.

«Мәдени мұра» бағдарламасы еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зеттеуге және сақтауға, жаңғыртуға және тиімді пайдалануға бағытталған кешенді іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету қажеттігінен туындаған.

Тарихсыз, мәдениетсіз, дәстүрсіз ел болмайды. Мәдениет — бір тұтас құбылыс. Мәдениетті екі тұрғыда қолдануға болады:

- мәдениет қоғамның, оның әрбір саласының сапалық сипаттамасы ретінде;
- мәдениет жүйе ретінде, яғни, оның құрылымы, оған кіретін бөліктер, элементтер, олардың арасындағы байланыс-қатынастарды, мәдениеттің жүйелік салалары ретінде. Адам іс-әрекеті дамуының өзі мәдени құбылыстың жеке көрінісі болады.

Халықта бар тарих пен мәдениетті сақтау, ұрпаққа жеткізу – ел парызы. Азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестіктерге қатысуы, шетелдердегі отандастармен мәдени байланыстарды кеңейтуі, ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелігін қорғау мен дамытуы қамтамасыз етіледі.

Ұлт тарихы – ұлт мүддесі. Ендеше Елбасы ұсынып отырған – «Тарих толқынындағы халық» бағдарламасы халық санасын жаһандық ауқымдағы мәселелерді екшейтіндей дәрежеге жеткізу ғана емес, жеке адамның

біліктілік бәсекесіне төтеп беретін өзіндік даму зердесі деңгейін қалыптастыру арманынан туындайды.

Уақыт талабы – заманауи тарихи сананы жаңғыртуға қалың көпшіліктен бастап ғалымдарға дейінгі жұртшылық атсалысуы қажет екендігін ескертуде. Сондықтан да бұл өмірлік мәні бар тапсырманы әрбір отаншыл қазақ пен қазақстандық менің болашағым үшін қажет дегенде ғана жүзеге асыра алады. Бұл мәселеде кәсіби тарихшыларға жауапты жүк артылып отыр.

Қазақстан туралы біздегі және шетелдердегі тарихи материалдардың барлығын жинауға, жүйелеуге және жіктеуге баса көңіл бөлу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы.

Елбасы біздің ортақ сәйкестігіміз халықтың тарихи сана-сезімінің арқауы болуы тиіс екендігін айта келе, «Халық тарих толқынында» атауымен тарихи зерттеулердің арнайы бағдарламасын әзірлеу мақсат-міндетін жүктеді. Оның басты мақсаты – ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру. Тарихи өткенге сүйенбей – болашақ мүмкін емес. Қазіргі кезде әлемде мән-мағына мен құндылықтардың күресі жүріп жатыр. Көптеген түрлі түсініктер біздің ұлттық тарихымызда да кездесіп жатады.

#### **Әдебиет:**

1. А.Т.Ермуратова. Художественно – массовая организация досуга. –Тараз, 2016
2. А.И.Пак, Т.Ж.Жаңақұлов. Оқытушының лекторлық шеберлігі-Тараз, 2013
3. Бастауыш мектеп 1998 ж. № 10-11 (21-23) бет.
4. Б.Мекішев. Әлемнің жеті кереметі. - А., 1992
5. Байжігітов Б., Ибраева М. Эстетикалық оқу тәрбие жүйесі мәселелері- Алматы, 2014
6. Бастауыш мектеп 2006ж. № 10 (20-21)бет.
7. Багов И.Т. Методическое обеспечение культурно-досуговой работы. – Шымкент, 2009.